

ТІЛ БІЛІМІ

Мемлекеттік тіл порталы

Ордабекова Х.А.

Әлемдік жаһандану үрдісінде, біздер, ұлттық, рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтап қалуымыз керек. Сондай ұлттық құндылықтарымыздың бірі - ұлттық тіл. Ұлттық тіл туралы неміс ғалымы В. фон Гумбольдт: “Язык народа есть его дух и дух народа есть его язык, и трудно представить себе, что-либо без него более тождественное” [1,89] , - деп атап көрсеткен. Кез келген ұлттың тілі - ол халықтың рухани дүниесі, болмысы мен мәдениеті, ділі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен өнері.

Елбасымыздың Ата Заңда дәйектеліп, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің болашағы туралы: “Тіл - әр мемлекеттің негізгі алтын арқауын құрайтын ұлттың тілі болып табылады, – дей келіп, – Ресейде – орыс тілі, Түркияда – түрік тілі, Қытайда – қытай тілі, Францияда – француз тілі, Германияда – неміс тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Қазақтың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Орыс тілі – Ресейде, неміс тілі – Германияда, иврит тілі – Израильде қалай өркендесе, қазақ тілі де Қазақстанда ғана тамырын кеңге жаяды”, - деген пікірі мемлекет басшысының қазақ тілі қазақ халқы үшін керек, ендеше оны алдымен өзіміздің білуіміз керектігін айта келіп: «Түбінде мемлекеттік тіл, қалай десек те, басымдылыққа ие болады. Мемлекеттік жұмыс қазақ тілінде жүреді” деген еді. Мемлекет басшысының осы сөздері кімге де болса ой салуы керек.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесі мен функционалдық қызметі, атап айтқанда, белгілі бір мемлекетте сәйкестіліктің, біртұтастықтың рәмізі, белгісі ретінде қолданылатын тіл; белгілі бір мемлекеттің аумағында таралған, айрықша саяси-құқықтық (заң дәрежесіндегі) мәртебесі бар тіл; нақты бір елдің тұрғындарының ұлттық құрамына қарамастан мекемелер мен ұйымдарда, сот ісінде, құқық қорғау органдарында, білім орындарында іс қағаздарын жүргізу үшін міндетті тіл екендігі Тіл туралы заңдара атап көрсетілді. Төл тіліміздің ақпараттар технологиясына толы бүгінгі өркениетті жаһандану заманында мемлекеттік тілдің ғылым тіліне айналуы, құжат тіліне айналуы, компьютер, интернет тіліне айналуы уақыт талабы. Осы орайда, жасалып жатқан жұмыстардың жетістігі ретінде «мемлекеттік тіл порталының» қызметін атап өткен орынды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл порталының алғашқы кезегі мамандар мен пайдаланушылар назарына ұсынылды, бұл мемлекеттік тіліміздің қазіргі ақпараттық технология негізіндегі дамуының үш жылдық кешенді

бағдарламасының ең өзекті буыны болып табылады. Порталдың басты мақсаты - сан алуан тілдік қызмет көрсетулерге: әртүрлі тақырыптағы және бағыттардағы электрондық сөздіктерге, оқыту бағдармалары мен тестілерге, терминологиялық қызмет көрсету құралдарына, қазақ тілінің ұлттық корпусына, энциклопедияларға, лингвистикалық зерттеулерді қолдауға арналған қызмет көрсетулерге, тілдік қалыптасқан жағдайлардың мониторингіне және басқаларға бірыңғай қолжетімдікті жүзеге асыру.

Біздің мемлекетіміз алғаш рет миллиондаған пайдаланушыларға қазақ тілін оқып білу, зерттеу және дамыту құралдарын пайдалану мүмкіндігін ұсынып отыр. Мемлекеттік тіліміздің қазіргі ақпараттық технология негізіндегі даму бағдарламасы тұжырымдамасының негізіне соңғы он жылдықтағы екі басты технологиялық үздік жетістік алынған, ол - \УЕВ 2.0 және интернет-қызмет көрсетуді интеграциялау болып табылады.

WEB 2.0 технологиясы интернет қорын немесе қызмет көрсетуді пайдаланушыларға контентті-мазмұнды түзуге, талқылауға және дамытуға мүмкіндік береді. Бұл технология қазақ тілінің дамуы мен кемелденуінде үлкен роль атқарады, қоғамдық өміріміздің барлық салаларында кең таралуына аса күшті серпін береді, бұл үдеріске қарапайым пайдаланушылар мен талапкерлерден бастап мамандар мен құзыретті сарапшыларға дейінгі жалпы жамиятты қатыстыру жолымен жүзеге асыруды көздейді.

Қолданысқа енген WEB 2.0 және интернет-қызмет көрсетуді интеграциялау технологиясы пайдаланушыларға көптеген «базалық қызмет көрсету» негізінде саны шектеусіз кешендік немесе композиттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді, өз кезегінде бұл интернет-технологияларды жаңа деңгейге көтереді. Мемлекеттік тілді дамытудың, тілдік қызмет көрсетуді интеграциялаудың, оларды жетілдірудің үш жылдық бағдарламасында кез-келген деңгейдегі пайдаланушылардың талап-тілектерін толық қанағаттандыру көзделген: қазақ тілін жаңадан үйренушілерге, өзінің білімін жетілдіргісі келетіндерге, әртүрлі ғылым саласындағы жаңа терминдерді білуге құмартатындарға, белгілі бір тарихи кезеңдегі лексиканың қалпы мен дамуын зерттеушілерге, жана терминдерді талқылап, жасаушыларға арнайы мүмкіндіктер қарастырылған.

Порталда мынадай тілдік қызметтер көрсетіледі: үлкен қазақша-орысша-ағылшынша сөздік, сөздердің қазақ, орыс, ағылшын тілдері шеңберіндегі кез-келген бағыттағы аудармасын ұсынса, көпсалалы терминдік сөздіктер ғылым салалары мен қоғамдық қызмет салаларынан арнайы терминдерді сипаттауға арналған, фразеологиялық және орфографиялық сөздіктер қазақ тіліндегі сөздер мен фразеологизмдердің мағыналарын сол тілдің өз құралдары арқылы, сондай-ақ сөздерді орфографиялық талдауды түсіндіретін лингвистикалық сөздіктер болып табылады. «Қазақстан» мультимедиялық

энциклопедиясы еліміздің жануарлар әлемі туралы интерактивтік анықтамалық-танымдық ақпараттарға қолжетімдік ұсынады.

Сондай-ақ, электрондық-терминологиялық орталық қазақ тілі терминдерінің жиынын қалыптастыру мақсатында мамандардың ұжымдық жұмысын ұйымдастырады. Бұлармен қатар әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндердің үлкен аумақтарын қабылдау, сақтау, іздеу және өңдеу жүйесі болып табылатын мәтіндер мұрағаты бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін тестілеу жүйесі сияқты қосымша қызмет те көрсетіледі.

Мемлекеттік тіл порталы - мемлекеттік тілді дамыту жолындағы жаңа белес болып табылады.

Бүгінде біздің елімізде үлкен қоғамдық пікір тудырып жүрген мәселе «Үш тұғырлы тіл» тұғырнамасы. Нұрсұлтан Әбішұлының тілдің үш тұғырлылығы туралы айтқан ой-пікірлері де уақыт талабы. Яғни, алдағы уақытта мемлекеттік тілге қоса орыс тілі мен ағылшын тілін де игеру оқушылар мен жас жеткіншектер және барлық қазақстандықтар үшін ой-зерде баспалдағына көтерілудің басты жолы болмақ. Республикада орыс тілі шеттетіліп жүрген жоқ. Шеттетілмейді де. Компьютер тілі - ағылшын тілін игеруге талпынушылар қатары күн сайын өсіп келеді. Елбасы «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді. Қазақ тілі - өзіміздің ана тіліміз» деп атап айтты. Яғни, Елбасы ағылшын, орыс тілдерін үйрен дегенде оны қазақ тілінің есебінен үйрен деп отырған жоқ, қазіргі жаһандану заманындағы қажеттілік екенін ғана айтып отыр.

Біздің ойымызша, «Үш тұғырлы тіл» тұғырнамасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі бағамдық басымдығы, екінші, үшінші тілдердің орны нақты көрсетілуі қажет. Екіншіден, еліміздің білім беру жүйесінде тілдерді мәртебесіне сай оқытудың нақты, мақсатты бағытталған тұрақты құрылымы, жүйесі болуы қажет. Үшіншіден, үштілділікке қатысты ғылыми негіздемелер мен дәйектемелер, әлеуметтік, психологиялық, идеологиялық сараптамалар нәтижесіне сүйенуіміз тиіс.

Әлемдік трендтерді ескергеніміз дұрыс шығар, бірақ туған тілімізді туған анамыздай ардақтауды басты назарда ұстағанымыз жөн.

Өз ана тілінің мәртебесін көтеруге бүкіл өмірін арнаған мемлекет қайраткерлері де көп болған. Мәселен, халқының саны 150 миллионнан асатын Пәкістан мемлекетінің негізін салған Джинна Мұхаммед Али Оксфордта оқыған ағылшын тілінің хас білгірі бола тұрса да, араб, парсы сөздері көп араласқан хинди тілінің бір диалектісі болған урду тілін мемлекеттік дәрежеге көтеріп, осы мемлекет азаматтарын топтастырушы қарым-қатынас құралына айналдырғаны белгілі. Немесе Үндістанның тұңғыш премьер-министірі Дж.Неру де ағылшын мектебін

(У.Черчилль оқыған Харроудағы әйгілі мектеп), Кембридж университетін тәмамдап, таза ағылшынша білім алса да, ғұмыр бойы ана тілі мен ата салтын ардақтап: "выражать мысли только на родном языке, носить только национальную одежду",- деген принципті ұстанып өткен екен. Әрине, қазақ зиялылары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов те өз уақытында осындай ұлт мәдениеті, ұлт болашағы, ұлт тілі үшін күрескені тарихтан аян.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясы өмірдің барлық саласында сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде жүзеге асырылуының түрлі тегігі айқындалып, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, идеологиялық, салааралық факторлардың ықпалы мен әсері әлі де сараланып қажетті шаралар белгіленуі тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. В.фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 396 с.

Summary

This article discusses the function of the portal representative public language.